

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Шымкент университеті

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	География
Мамандық шифры:	5В011600
Дайындау бағыты:	Білім
Берілетін дәрежесі:	География мамандығы бойынша білім бакалавры

Шымкент, 2016ж.

Элективті пәндер каталогы 5B011600- «География» мамандығы үшін дайындалды.

Құрастырушылар: т.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.
магистр, аға оқытушы Ералиева Ғ.

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі Тапалов Д.Ж.

ӘК төрағасы **Бишеева Б.**

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы Ералиева Ғ.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) бекітілді.

Кіріспе

5B011600 – «География» мамандығы бойынша білім беру 2 траекторияда ұсынылады

1. 5B011600 - «География» мамандығы 5B011601 Туристік бизнес мамандандыруының білім беру траекториясы
2. 5B011600 - «География» мамандығы 5B011602 Экология мамандандыруының білім беру траекториясы.

Бітірушіге «білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

5B011600 - «География» мамандығы 5B011601 Туристік бизнес мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

- өндірістік-басқарушылық туристік бизнестің әр түрлі салаларында туристік қызмет көрсету,
- жарнамалық компанияларды ұйымдастырушы
- сервистік қызмет көрсету
- туристік кәсіпорындарда маркетингтік қызмет көрсету

5B011600 - «География» мамандығы 5B011602 Экология мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

- білім беру: жалпы орта білім беру, орта кәсіптік оқу орындарында мұғалім (оқытушы) ретінде;

- басқару органдары (білім беру бөлімдері, әкімшіліктер, жер ресурстары мен табиғат қорғау және экология ұйымдары)

- ғылым мекемелері (ғылыми-зерттеу және конструкторлық-жобалау ұйымдарында мына бағдарлар бойынша: география, геология, экология, картография, гидрология, сейсмология, топырақ географиясы және т.б.)

Элективтік пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды. 5B011600-«География» мамандығы бойынша негізгі оқылатын таңдау пәндері бірыңғай. Базалық және кәсіптендіру пәндері циклдерінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір төмендегідей пән айырмашылықтары көрсетіледі.

Кәсіптендіру пәндері циклы

- | | |
|--|--|
| 1.1. Елтану /3кр/ | 1.1. Өнеркәсіптік экология /3кр/ |
| 1.2. Маршруттар мен турларды ұйымдастыру технологиясы /3кр/ | 1.2. Өнеркәсіптік ластанулар /3кр/ |
| 1.3. Туристерге транспорттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру/3кр/ | 1.3. Өнеркәсіптіктегі қазба байлықтар /3кр/ |
| 2.1.Қызмет көрсету географиясы /3кр/ 3кр/ | 2.1. Бүлінген экожүйелерді қалпына келтіру / |
| 2.2. Сервис қызметі /3кр/ | 2.2. Қоршаған орта экологиясы /3кр/ |
| 2.3. Туристік қызмет тарихы /3кр/ | 2.3. Қоршаған ортаны ластанудан сақтау /3кр/ |
| 3.1. Туризмология негіздері /2кр/ | 3.1. Табиғатты пайдалануды басқару /2кр/ |
| 3.2. Туристік тасымалдауды ұйымдастыру/2кр/ ұйымдастыру /2кр/ | 3.2. Экологиялық бақылау қызметін |
| 3.3. Туризм жұмысын басқару процесі /2кр/ | 3.3. Экологиялық қызмет /2кр/ |
| 4.1. Халықаралық туризм тарихы /3кр/ | 4.1. Топырақтану /3кр/ |
| 4.2. Әлемдік туристік орталықтар /3кр/ | 4.2. Топырақтанудың әдістері /3/кр |
| 4.3. Әлем мәдениетінің тарихы /3кр/ / 3кр/ | 4.3. Топырақтанудың экологиялық маңызы / |

Жоғары оқу орнында 5B011600 - «География» мамандығы бойынша 5B011601 Туристік бизнес, 5B011602 Экология мамандандыруының білім беру траекториясы элективті пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылды.

Цикл атауы: Жалпы білім беру пәндер циклы – 7 кредит (315 сағат)

1.1 Пән атауы: Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар - қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым-әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толықтады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқын студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

Күтілетін нәтижелері. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері (3кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты. Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси діни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең - Ш.Уәлихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады; 2. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

Күтілетін нәтижелері Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдынарын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.3. Пән атауы: Жалпы және әлеуметтік педагогика (Зкредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік-педагогика теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие – қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда (социумда) дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

Күтілетін нәтижелер: Жалпы және әлеуметтік-педагогиканың жалпы мағынасын түсіндіру. Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік-педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану. Жалпы және әлеуметтік - педагогика курсының меңгеру барысында студент қосымша мәліметтермен жұмыс жүргізіп, осыған байланысты талдаулар жасалынып, пәннің алатын орнын бағалай білуі қажет. Жалпы және әлеуметтік-педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістермен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапынан баяндамалар, эссе, кейс әзірлеу, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс. Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: Жанысбеков Ә.Ж.

2.1 Пән атауы: Экономикалық теория негіздері 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Микро (тұтынушылар, фирмалар, жеке нарықтар) макро (жалпы экономика) және әлемдік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастар деңгейінде нарықтық экономиканың әрекет етуінің заңдары мен принциптері туралы білім алуы тиіс; Экономикалық ситуацияларды талдауда, болжауда және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын алды алуды экономикалық үлгілерді пайдалана білуі тиіс.

Күтілетін нәтижелер: Өз бетімен ізденіс жұмыстарның қырсырын игеріп, өзінің тұжырымдарын дәлелді және экономикалық сауатты жеткізе білуі керек.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттер: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: магистр Алиева Ф.У.

2.2 Пән атауы: Мемлекет және бизнес 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: Болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдалады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизмін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, нақты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен әдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсіпті иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттер: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: магистр Мырзахметова Ж.Ж.

2.3 Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы. 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неолиберализм. Кейнсиандық. Институционалдық. Социалистік ойлардың пайда болуы. XX ғасырдың экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

Күтілетін нәтижелер: Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттер: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқытушы: э.ғ.к., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

3.1 Пән атауы: Құқық негіздері. 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

Оқу пәнін оқыту мақсаты қазіргі қоғамның қажеттілігі мен мүддесінен туындап отыр. Оқуының негізгі мақсаты заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси-құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Құқық негіздері болашақта өздерінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін, еңбекке құқығын жүзеге асыру, қоғамның және еліміздің қоғамдық- саяси өміріне белсенді қатысуға, оқушыларға заң білімдерін кешенді нысанда меңгеруге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелері: Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Палванова М.

3.2 Пән атауы: Еңбек құқығы. 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны. Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке жоғары кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама мен құқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сауатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрлымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және әлеуметтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

Күтілетін нәтижелері: «ҚР еңбек құқығы» курсы оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады; Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін, жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек; Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білу керек.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Жаналиева А.

3.3 Пән атауы: Әкімшілік құқық. 2 кредит / 90 сағат /

Оқытудың мақсаты: Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін, биліктің субъектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық құқық жүйенің негіздеуші саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет. Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен қарауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

Күтілетін нәтижелері: басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын, басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін білу, әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық орнын, әдістері мен түрлерін түсіну. әкімшілік құқықтың субъектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Бекбугаев Қ.

Цикл атауы: Базалық пәндер циклы – 49 кредит (2205 сағат)

1.1 Пән атауы: Саясаттану 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Заманауи мемлекеттің тұрақтылығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылатын азаматтық саяси мәдениетті қоғамда өркениетті ынтымақтастықта тұруды өнері ретінде саналы түрде қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуындағы негізгі кезеңдер. Қазақстандағы саяси ойдың тарихы. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат. Билік саяси құбылыс ретінде. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар мен саяси режимдер. Қоғамның демократияландыруы мен саяси жаңғыру. Саяси үрдіс және саяси қызмет. Саяси сана мен саяси мәдениет және саяси жанжалдар. Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар. Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер. Саяси болжамдар. Егемен Қазақстанның саяси мәселелері.

Күтілетін нәтижелері: Саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, келешегін және негізгі түрлерін меңгеру. Саяси биліктің мәнін, саяси үдеріс, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың ролін білу.

Пререквизит: Жок

Постреквизит: Әлеуметтану, Философия

Оқытушы: Жанысбеков Ә.

1.2 Пән атауы: Дінтану 3 кредит 3 (135)

Пәннің мақсаты: Дінтану пәні туризм мамандығы бойынша оқитын студенттердің діннің ежелгі формалары мен құрлымы, ерекшеліктері, мәндік сипаттары, тарихы мен қалыптасулары туралы түсініктер мен зерттеушілік ізденістерді танып-білуге мүмкіндік береді. Дүниежүзілік діндер тарихын оқыту мен игеру студенттердің діни наным-сенімдердің формалары мен діндердің шығуы туралы түсінік-танымын қалыптасуына негіз болады.

Студенттерге ежелгі діндер туралы ғылыми-зерттеушілік еңбектер және ежелгі дін формаларын жан-жақты зерделеуге барынша көмектесу, сонымен бірге дінтану пәндерін оқытуды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Ежелгі діндердің пайда болуы мен даму кезеңдерін және ежелгі діндердің ерекшеліктерін : студент танып-парқылауы тиіс:

-ежелгі діндер туралы теориялардың мән-мағынасы туралы өзіндік ой-пікірлерін айқын жеткізе білуі:

-Анемизм, тотемдік, фетишизм, магиялық сынды діндердің әлемдік діндердің қалыптасуындағы атқарған ролін саралап, бағамдай білуі керек.

-ежелгі діннің формалары және адамзаттың көне мәдениетіндегі діни наным-сенімдер екендігін білуі тиіс.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дінтану оның пәні және функциясы. әлемдік діндердің жалпы сипаттамасы. Адамзат тарихындағы діннің ролі. Діннің мәселелері мен сипаттамалары. Діннің қарапайым түрлері. Көне таяу шығыс қоғамдарында қалыптасқан діни жүйелер. Көне Иран жеріндегі діндер. Иудаизм діні. Индуизм діні. Христиан діні. Ислам діні пайда болуы мен тамыр жоюы Қазақстан Республикасындағы діни жағдай . Дін және саясат. Қазіргі Қазақстандағы діни конфессиялардың орны.

Күтілетін нәтижелері: Әлемдік діндер тарихын меңгерту. Діндердің шығу тарихы, қазіргі кездегі маңызы

Пререквизит: Жок

Постреквизит: Әлеуметтану, Философия

Оқытушы: Тапалов Д.

1.3 Пән атауы: Мәдениеттану (3 кредит, 135 сағат)

Пәннің мақсаты: Мәдениеттің философиялық тұғырламаларын зерттеу негізінде студенттерде этномәдениеттердің қалыптасу және даму заңдылықтарын талдау қабілеттері мен әрекеттерін қалыптастырып нығайту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Мәдениеттану мәдениет туралы ғылым, сонымен қатар философиялық ілім. Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын оның өмір сүруінің принциптерін және бір – біріне этно - әлеуметтік саяси – моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен ерекшеленетін мәдениет түрлерінің өзара байланыстарының, тәуелдіктерімен зерттейді.

Мәдениеттану пәні сонымен қатар жергілікті және аймақтық мәдениеттердің сапалы ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерінің мирасқорлығын, қарым – қатынасын зерттей отырып, адамзат баласының бір тұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды. Демек, мәдениеттану пәні түрлі қоғамдар барысындағы мәдени өмірді жан – жақты қамти отырып, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасайды.

Бағдарламада білім беру сапасын жақсарту мақсатында мемлекеттік халықаралық үлгілердің басты талаптары жан – жақты ескерген.

Ұсынылып отырған бағдарламада мәдениет дамуының өзекті мәселелерін қамтитын сұрақтар, студенттердің өз беттерімен ғылыми жұмысымен айналысуларына арналған мәселелердің тізімі, рефераттар тақырыптарымен қолданылатын әдебиеттер тізімі берілген.

Күтілетін нәтижелері: Адамзат баласының тарихи – мәдени дамуының жалпы заңдылықтарына ғылыми тұрғыдан талдау жасай отырып, оның басты бағыттарын айқындап көрсету;

Мәдениеттану ілімінің қоғамдағы өмірі мен рөліне баға бере отырып, мәдениеттің теңдесі жоқ тарихи және этноаймақтық феномендерін ғылыми тұрғыдан жан – жақты зерттеу;

Мәдениеттану ғылыми саласында қалыптасқан түрлі мектептердің ілімдерін игеру, олардың өзіндік бет – бейнесін айқындау;

Бүгінгі таңдағы мәдениет дамуының өзекті мәселелеріне мәдениеттанулық тұрғыдан ғылыми сипаттамалар беру және олардың мәнді, мәнсіз жақтарын айқындау

Пререквизит: Жоқ

Постреквизит: Әлеуметтану, Философия

Оқытушы: Ералиева Ғ.

2.1 Пән атауы: Қазақстанның туризм географиясы 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Қазақстандағы туризм саласының қазіргі жағдайын және оны дамытудың жолдарын, туристік саланы еліміздегі басты кіріс көліне айналдыру тетіктерін маңызын көрсету.

Пәннен қысқаша сипаттама. Туризм географиясы туралы жалпы түсінік. Рекреациялық географияның теориялық негіздері(демалыс, рекреация, туризм түсініктерін байланысы). Туризм географиясының теориялық негіздері. Рекреациялық география және туризм географиясының түсініктерінің байланысы. Туризм географиясы ғылым ретінде. Қазақстандағы туризм географиясының даму тарихы. Қазақстандағы туризм географиясында қолданылатын терминдер және негізгі түсініктер. Туризм географиясының зерттеу объектісі мен мақсаттары. Қазақстанның туризм географиясының негізгі проблемалары.Туризм географиясының зерттеу әдістері. Табиғаттың туристік географиялық ресурстары. Туризм географиясының басқа ғылымдармен байланысы. Тарихи және мәдени мұралар объектілерін анықтау. Қазақстандағы табиғи рекреациялық ресурстар.

Күтілетін нәтижелері Қазақстан республикасындағы тарихи мәдени шараларды қорғау мен пайдалану. Қазақстандағы туризмді дамытуға арналған іс шаралар.Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының туризмге тигізетін әсері. Қазақстандағы туристік орталықтармен агенттіктер. Қазақстандағы табиғатты ерекше аймақтар. Қазақстанның туристік аймақтарын дамыту.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: Бишеева Б.

2.2. Пән атауы: Табиғат ресурстарының географиясы 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Курсты оқу барысында студенттер теориялық білімдер алады және қазба жұмыстары мен жорықтарда қажет болатын практикалық шеберлікке ие болады.

Пәннен қысқаша сипаттама. Табиғат ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану туралы түсінік. Табиғат дамуының эволюциясы және қоғам арасындағы байланыстар. Табиғат ресурстары, оның адам өміріндегі маңызы, классификациясы, қалпына келтіру, қорғау жолдары. Табиғат қорғау және оның ғылыми жолдары, табиғатты пайдаланудың жаңа технологиясы, оны практикада жүзеге асыру.

Күтілетін нәтижелері Өздеріңізге белгілі жер қыртысы тау жыныстарын пайда етуші минералдардан пайда болған. Бұл минералдардың құрлымы мен құрылысын зерттейтін ғылым кристолографиямен минерология пәні болып есептеледі. Минерология жер қыртысын құрайтын жыныстардың жарылуымен және олардың өзгерістерін зерттейді

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: г.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

2.3 Пән атауы: Қоршаған ортадағы климат (3кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Табиғи құбылыстар мен процестердің аймақтылығының көрініс беру салалары. Климаттың, топырақтардың, өсімдік жамылғысының және т.б. аймақтылығы. Географиялық аймақтылықтың периодтылық заңы туралы түсінікті оқып үйрету

Қысқаша мазмұны: Қоршаған орта - адамның тіршілігі мен өндірістік әрекеттерінің сферасы. Географиялық кеңістік туралы түсінік. Күн жүйесіндегі Жер. Жердің жаратылуы. Жердің ішкі құрылысы. Географиялық қыртыс және биосфера. Литосфераның, атмосфераның, гидросфераның, педосфераның құрылысы, құрылымы және даму заңдылықтары. Биосфера, оның табиғаттағы және қоғам тіршілігіндегі ролі. Жер бетінің құрылысындағы негізгі ерекшеліктер - экологиялық салдарлары. Табиғаттағы зат және энергия айналымы. Ландшафттық қабықша, табиғаттағы ырғақты құбылыстар. Жердегі аймақтылық - жалпы ғаламдық заңдылық. Табиғи құбылыстар мен процестердің аймақтылығының көрініс беру салалары. Климаттың, топырақтардың, өсімдік жамылғысының және т.б. аймақтылығы. Географиялық аймақтылықтың периодтылық заңы. Жердің және Қазақстанның ландшафттық аймақтары. Әлемдік мұхиттың аймақтылығы, экологиялық салдарлары. Аймақсыздық (азоналдылық) және оның экологиялық салдарлары.

Ландшафттардың вертикаль белдемділігі. Жердің географиялық сфераларының эволюциясы. Адам және табиғат. Қоғам мен табиғи ортаның әсерлесу формалары. Антропосфера және техносфера. Табиғат ресурстары және оларды қорғау проблемасы. Табиғатты ұтымды пайдалану. Қоршаған ортаның ластануы. Жер халқы және оның табиғатқа әсері. Адамзаттың проблемалары: халық санының өсуі, энергетикалық және шикізат ресурстарының сарқылуы. Азық-түлік және су проблемалары, Жердегі тіршіліктің сақталуы. Адамзаттың әлемдік экологиялық проблемаларының шешілу жолдары.

Күтілетін нәтижелері: «Қоршаған ортадағы климат» курсың оқу барысында студенттерде химиялық заттар, табиғаттағы зат және энергия айналымы, күн, жер, литосфера, биосфера, ноосфера, климаттың өзгеруі, глобальдық экология туралы түсініктер қалыптасады

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: б.ғ.к., аға оқытушы Қазыбаева А.

3.1 Пән атауы: Туризм және экскурсиятану негіздері 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Студенттерге экскурсиялық тексттерді құрастыру әдістемесі туралы, әртүрлі экскурсияларды өткізу әдістемесі туралы хабар беру

Пәннің қысқаша мазмұны: Туризм саласында, өзінің қызметі үшін қажетті квалификация алуды мақсат еткен студенттер туризмді басқару, ұйымдастыру, оның құрылымын жетік білу, оның тарихын, дайындық кезеңін, саяхаттарды ұйымдастырып өткізуді оқып үйрену, туған өлкенің флорасы мен фаунасы туралы қажетті білімді азаматтар болу өте қажет. Бұл жағдайда туризмнің активті, белсенді түрлерін оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. Курстың негізгі мақсаты-студенттерге туризмнің барлық салалары туралы толық мағлұмат бере отырып, өлкетанудың негізгі бағыттарымен таныстыру.

Күтілетін нәтижелері: Қазақстанның экскурсиялық істің ерекшеліктері, даму жағдайлары мен болашағы жөнінде түсінік алу. Экскурсиялық тексттерді құрастыру әдістемесін, әртүрлі экскурсияларды өткізу әдістемесін, экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру әдістемесін, туристік-экскурсиялық кәсіпорында ги-экскурсия жүргізуші функцияларын орындау. Қазақстан тарихы, мамандыққа кіріспе, туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасының мен туристік өлкетану жұмыстарының негіздері.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: Бишеева Б.

3.2 Пән атауы: Туризм инфрақұрылымы 3 (135)

Пәннің мақсаты: туристік инфрақұрылымның туристік-сервистік және ұқсас кәсіпорындардың біртұтас кешені ретінде, осы кешеннің мәселелері мен даму болашағы жөнінде ұғым қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым, олардың міндеттері және құрамының элементтері. Туризмдегі қызмет көрсету сферасы дамуының негізгі тенденциялары. Туризм дамуындағы туристік инфрақұрылымның бөлшектері: түнеу базалары, тамақтандыру базасы, көліктік-коммуникациялық база, қосалқы база. Туристік сфераның өндірістік объектілері. Туризм сферасындағы жалпы қолданылатын объектілер. Туристік қызметтерді жеткізушілер. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымының даму ерекшеліктері. Инфрақұрылым дамуының мәселелері мен болашағы. Инфрақұрылым дамуының құқықтық негіздері. Туризм инфрақұрылымына салынатын инвестициялар.

Күтілетін нәтижелері: Туризм инфрақұрылымының құрама бөліктерін талдауына кешенді әдістерін; ұлттық туристік әкімшілігі және туризм саласының кәсіпорындарының туристік инфрақұрылымын дамытуына арналған іс-әрекет тәжірибесін; Қазақстанның туристік нарығы ерекшеліктерін ескере тұра республикадағы туризм инфрақұрылымының даму мәселелерін бағалау; Қазақстанның туризм инфрақұрылымының даму жағдайларын және осы үрдіске кедергі жасайтын факторларын практикалық тұрғыдан талдау; туристік инфрақұрылым кәсіпорындары түрлері арасындағы ішкі байланыстарын құрылымдау

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: Харжауов Ш.

3.3 Пән атауы: Қазақстандағы экскурсиялық істің тарихы 3 (135)

Пәннің мақсаты: әдістемелік, өлкетанулық, тарихи және т.б. әдебиеттерді талдау және пайдалана білу, экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру әдістерін зерттеу, экскурсия өткізу техникасы жөнінде терең білім беру, экскурсиялық объектілерді іріктеу және зерттеу, объектілерді көрсету және экскурсиялық талдау әдістерін білу

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)

Пәннің қысқаша мазмұны: Экскурсияның туристерге қызмет көрсетуегі және жергілікті тұрғындар үшін маңызы. Қазақстанда экскурсиялық істің ерекшелігі, даму жағдайлары мен болашағы. Қазақстанның көрнекі орындары. Қазақстанда экскурсиялық істі насихаттау. КСРО құрамындағы Қазақстанда экскурсиялық істің дамуы. Алғашқы экскурсиялық бюролардың ашылуы.

Күтілетін нәтижелері: Қазақстанның экскурсиялық істің ерекшеліктері, даму жағдайлары мен болашағы жөнінде түсінік алу. Экскурсиялық тексттерді құрасытру әдістемесін, әртүрлі экскурсияларды өткізу әдістемесін, экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру әдістемесін, туристік-экскурсиялық кәсіпорында ги-экскурсия жүргізуші функцияларын орындау.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Туризмология негіздері, Халықаралық туризм тарихы

Оқытушы: Құлтаев Б.

4.1 Пән атауы: Картография топография негіздерімен 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Студенттерді географиялық карталарды пайдалану әдістерімен және географиялық карталарды жасау жолдарымен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Картографияның пәні мен құрылымы. Ғылым жүйесіндегі картография. Карта: термин және анықтамасы. Географиялық карта элементтері. Карталарды жіктеу. Карта түрлері мен типтері. Географиялық карталарға тән белгілер. Карталардың математикалық негізі. Геодезиялық негіз. Масштаб, картографиялық проекциялар мен картографиялық торлар. Жалпы географиялық карталар. Картографиялық жинақтау. Жинақтаудың мәні және түрлері. Картографиялық басылымдардың жүйесі. Географиялық атластар. Тақырыптық карталар.

Күтілетін нәтижелері: Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде Картографиялық басылымдардың жүйесін құруды және карталарды пайдалануды үйрену. Картографиялық зерттеу әдістері. Карталарды жасау. Ірі масштабты карталарды жасау әдістері. Жергілікті жердің түсірілімдері. Ұсақ масштабты карталарды жасау.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Метеорология және климатология

Оқытушы: б.ғ.к., доцент Нугманова К.

4.2 Пән атауы: Медициналық география 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Жоғарғы оқу орнында, медицина саласында, өзінің қызметі үшін қажетті квалификация алу мақсат еткен студенттер медицина басқару, ұйымдастыру, оның құрылымын жетік білу, оның тарихын, дайындық кезеңін, саяхаттарды ұйымдастырып өткізуде де медициналық жәрдемдерді оқып үйрену. Бұл жағдайда медицинаның активті, белсенді түрлерін оқытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Пәннен қысқаша сипаттама. Сыртқы орта факторларының тұрғын халықтың денсаулық жағдайына әсерлері. Адам ауруларының пайда болуы мен таралулары жөнінде түсініктер. Медициналық география дамуының негізгі бағыттары. Медициналық география зерттеулерінің әдістері. Белгілі бір табиғи жүйелердің медициналық-биологиялық себептері.

Күтілетін нәтижелері Студенттер қоршаған ортаның табиғатын және оның бай тарихы мен мәдени мұра ескерткіштерін сақтауға байланысты мәселелерге қатысты білім жүйелілігін де қалыптастырады. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білімін дамытады.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Метеорология және климатология

Оқытушы: Харжауов Ш.

4.3 Пән атауы: Әлемдік мұхит табанының жер бедері 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты Дүниежүзілік мұхиттардың физикалық-географиясын сипаттауда өндіргіш күштердің ұйымдастырылуын, олардың әрекеттерін түсіндіру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Әлемдік мұхит табиғатының зерттелуінің тарихи кезеңдеріне сипаттама. Әлемдік мұхит табиғатын зерттеушілер және олардың еңбектері туралы. Антик және орта ғасырларда мұхиттардың зерттелуі. Ұлы географиялық ашулар. Мұхит айдынындағы термикалық режим және олардың климаттық ерекшеліктері. Мұхит бетінде үстемдік ететін атмосфералық циркуляция процестері және олардың қысымдық жағдайлары. Теңіз суларының температурасы мен жылу балансы. Мұхит суының температурасын зерттеудің практикалық маңызы. Әлемдік мұхит суының тұздылығы және оның геологиялық ерекшеліктері. Мұхит суының химиялық құрамы. Тереңдік бойынша тұздылықтың өзгеруі. Әлемдік мұхит түбінде тұздардың пайда болуы. Әлемдік мұхиттың оптикалық және акустикалық қасиеттері. Әлемдік мұхит табанының шегіндегі ірі морфоқұрылымдар.

Күтілетін нәтижелері Студент аталған пәнді оқу барысында мұхит табаны және орта мұхиттық қыраттарын және мұхит табанының шөгінділері: терригендік, биогендік, вулканогендік шөгінділер және олардың түрлерімен танысады. Мұхит суының ластау себептері. Мұхит суларында ластанудың таралу географиясы. Ластанудың әлемдік мұхит тіршілігіне ықпалы ластанумен күресу әдістерін анықтау мақсатында ізденеді.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Метеорология және климатология

Оқытушы: г.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

5.1. Пән атауы: Топонимика 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Еліміздегі жер-су аттарының шығу тегін, жергілікті географиялық ерекшеліктеріне байланысты атаулардың қойылуын зерттеу.

Пәннен қысқаша сипаттама. Халқымыздың рухани мұралары санатына қосуға болатын жер-су атауларының мазмұны мен шығу тегін, дұрыс жазылуы мен басқа тілдерде айтылып, жазылу заңдылықтарын зерттейді. Белгілі бір аумақтағы топонимикалық зерттеулерді әр қырынан жүргізуге болады. Географиялық ғылымдар үшін топонимиялық жүйенің әсіресе физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін танып-білудің маңызы зор. Қазақстанның табиғи және мәдени мұралары пәні қазіргі замандағы ең атаулы пәндердің бірі болып саналады. Бұл пән жалпы жертану, Қазақстанның физикалық географиясы, экономикасы, тарих, археология пәндерімен тәкелей тығыз байланысты. Табиғи мұраларды білу қазіргі заман жастары үшін маңызды.

Күтілетін нәтижелері «Топонимика» курсының қарастыратын тақырыптары дүние жүзіндегі мемлекеттердің географиялық орны, пайдалы қазбаларына байланысты атаулар, халықтар этимологиясы, топонимиканың даму деңгейі, экологиялық жағдайлары т.б. салалары игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы қойылатын талаптарына сай қалыптасады.

Пререквизит: Жок
Постреквизит: Елтану
Оқытушы: Харжауов Ш.

5.2 Пән атауы: Физикалық географиялық аудандастыру 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Курсты оқып үйрену барысында Оның география жүйесіндегі алатын орны және негізгі зерттеу объектілері. Қазақстанның геоэкологиялық аудандау схемасының әрбір геоэкологиялық провинциясы экологиялық бұзылудың белгілі бір деңгейіне (сыныбына) жатқызылған.

Пәннен қысқаша сипаттама. Физикалық география жердің географиялық қабығы, оның құрамы структурасы аумағының бөлінуі оның қалыптасуын және де дамуы турасындағы пән. Осы курс студенттердің арнайы білімдерін кеңейтетін және тереңдетуі мен бірге олардың физикалық географияға мамандануына көңіл аудару керек. Физикалық география жердің географиялық қабығы, оның құрамы структурасы аумағының бөлінуін оның қалыптасуын аудандарға бөлу.

Күтілетін нәтижелері Физикалық-географиялық аудандаудың ең төменгі және ең негізгі бірлігі - физикалық-географиялық аудан немесе ландшафт. Физикалық-географиялық аудан дегеніміз - пайда болуы, геологиялық құрылысы бірдей, жер бедері бір типті, климатының, гидротермиялық тәртібінің, топырағы мен өсімдігінің сипаттары ортақ аумақ.

Пререквизит: Жок
Постреквизит: Елтану
Оқытушы: Харжауов Ш.

5.3. Пән атауы: Іскерлік қазақ тілі 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты. Бағдарламаның қысқаша курсының оқытудың мақсаты Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақ тілінің мекемелерде қолданылуы. Қазақстан Республикасында қазақ тілі-мемлекеттік тіл. Еңбек қатынастарын реттейтін құжаттардың үлгілері. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар. Қолхат. Сенімхат. Келісім шарт. Шарт. Ақпараттық-анықтамалық құжаттар. Қызмет хат. Жедел хат. Баяндау хат. Анықтама. Акт. Түсініктеме. Есеп. Бұйрықтар. Қаулы. Жарлық. Нұсқау.

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Жок
Постреквизит: Елтану
Оқытушы: Исакулова М

6.1. Пән атауы: Геология 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Жер бетінде кездесетін геологиялық процесстердің жалпы заңдылықтары туралы түсінік, негізгі геологиялық процесстердің мәнін физикалық заңдар тұрғысынан түсіндіру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Курстың мақсаты мен міндеттері. География пәні мұғалімін кәсіби дайындау үшін геологияның маңызы. Жердің физикалық қасиеттері. Жердің ішкі құрылысы. Жердің жылулық күйі. Жердің химиялық құрамы. Жердің сыртқы қабықтары. Жердің даму сызбалары. Жердің ғарыштық тегі туралы гипотезалар. Жер мен жер қыртысы жасы. Геохронологиялық кесте. Геологиялық карта. Эндогендік (ішкі) процесстер. Интрузивті және эффузивті магматизм. Магмалық тау жыныстары. Метаморфтық процесстердің басты факторлары. Жер қыртысының қозғалыстары. Жер сілкінулер мен ажырау қозғалыстары. Тербелмелі қозғалыстар. Қатпарлы қозғалыстар. Тектогенез. Материктердің геологиялық элементтері. Неотектоника. Экзогендік (сыртқы) процесстер, олардың факторлары. Денудациялық процесстер. Сыртқы күштердің геологиялық әрекеті. Эндогендік процесстермен өзара әрекеттесуі. Шөгінді жыныстардың қалыптасуы. Жердің геологиялық даму тарихының негізгі кезеңдері. Палеогеография негіздері. Тау жыныстарының геологиялық жасы. Минералогия мен кристаллография негіздері.

Күтілетін нәтижелері Студент пәнді оқыту барысында жер қойнауында кездесетін алуан түрлі пайдалы қазбалардың құралу және орналасу заңдылықтарын да анықтайды. Бірақ жердің ішкі терең қабаттарын зерттеу әдістерінің бүгінгі күн тұрғысынан жеткіліксіздігінен жетілмегендігін ескерсек, әзірше геология жердің ең жоғарғы беткі қабаттарын зерттеумен ғана шектеліп келеді

деуге болады. Геология ғылымының Қазақстан Республикасы үшін қаншалықты маңызды екені баршамызға мәлім.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Геоэкология және табиғат қорғау

Оқытушы: г.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

6.2 Пән атауы: Климатологияның қосымша мәселелері 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Атмосфералық құбылыстар жайлы және ауа-райының климаттық белдеулерге байланысты өзгеруі оларға метеорологиялық болжамдар жасау әдістерін үйрету.

Пәннен қысқаша сипаттама. Климатологияның қосымша мәселелері пәні. Атмосфераны және климатты зерттейтін геофизикалық және географиялық ғылымдар жүйесіне енеді. Бұл пән бір-бірімен тығыз байланысты екі бөлімнен: атмосфера мен оның қасиеттерін зерттейтін метеорологиядан және белгілі бір аумақтағы атмосфераның жай-күйін, яғни климатты зерттейтін климатологиядан тұрады.

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді біліктілікті қалыптастырады.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Геоэкология және табиғат қорғау

Оқытушы: аға оқытушы Жұматаев А

6.3. Пән атауы: Мектеп педагогикасы 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Болашақ мұғалімдерінің білімділік, шеберлік, бейімділік сапаларын біріктіретін жеке бастың педагогикалық психологиялық, моральдық даярлығын жетілдіру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Қазіргі заманғы педагогиканың әдіснамалық негіздері. Педагогика пәні, оның негізгі категориялары, олардың өзара байланысы. Тәрбие үрдісінің теориялық негіздері. Біртұтас педагогикалық үрдіс педагогиканың пәні және мұғалімнің әрекетінің нысаны ретінде. Педагогикалық үрдіс мәні, оның құрылымдық компоненттері, тәрбие мақсаты, оның әлеуметтік шарттастығы. Тәрбие түрлері. Біртұтас педагогикалық үрдісте тәрбиелеу құралдары, түрлері, әдістерінің жүйесі. Мұғалім мен балалар ұжымының өзара әрекеттесуі. Жалпы, политехникалық және кәсіби білім берудің өзара байланысы. Оқытуды ұйымдастыру формалары. Қазіргі заманғы сабақ. Оқыту әдістерінің сипаттамасы.

Күтілетін нәтижелері Аталған пәнді оқытуда тұтас педагогикалық үрдіс құрылымында оқыту. Қазіргі заманғы мектептегі білім мазмұнын жетілдіру, педагогикалық мамандықтың мәртебесі, мәселелері, болошағы, білім беру жүйесі, әр түрлі пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты курстарды терең түсініп, шығармашылық тұрғыдан қарауға жетелейді.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Геоморфология, Геоэкология және табиғат қорғау

Оқытушы: Байымбетова Қ.

7.1 Пән атауы: Өзін-өзі тану(2 кредит, 90 сағат)

Пәннің мақсаты: Болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген.

Өзін-өзі тану пәні бойынша қысқаша сипаттама Өзін-өзі тану пәнінің әр тарауы, әр тақырыбы болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген Өзін-өзі тану пәнінің мақсаты мен міндеттері. Адам білімінің әртүрлі формасы. Өзін-өзі тануға қатысты негізгі категориялар. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуы. Өзіндік сана мен өзін-өзі бағалау. Зейін, түйсік, қабылдау. Ес, қиял, эмоция, сезім. Танымдық процесстер және ақыл – ой қабілетті. Өзіндік сана: «Мен» ұғымын қалыптастыру. Қарым – қатынас және ерекшелену. Құрбылар арасындағы қарым-қатынас. Жастық кезең мәдениеті. Өмірлік перспектива және дүниетанымның қалыптасуы. Еңбекке және мамандыққа қатынас. Моральдық сана. Норма және патология. Тұлға.

Күтілетін нәтижелері: Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық

құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Тәрбие жұмысының теориясы және әдістемесі

Оқытушы: Ділдабекова Г.

7.2 Пән атауы: Тұлғаның шығармашылық тұрғыда дамуы (2 кредит-90 сағат)

Пәннің мақсаты: Жас тұлғаны қоғамдағы орныққан басты құндылықтарға баулиды және оны даму үрдісінде дұрыс қалыптасуға ықпалын тигізеді.

Тұлғаның шығармашылық тұрғыда дамуы пәнінен қысқаша сипаттама. Бұл пән жас тұлғаны қоғамдағы орныққан басты құндылықтарға баулиды және оны даму үрдісінде дұрыс қалыптасуға ықпалын тигізеді

Күтілетін нәтижелері: Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар, студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім – білік қалыптастырады.

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Тәрбие жұмысының теориясы және әдістемесі

Оқытушы: Байымбетова К.

7.3 Пән атауы: Тұлғаның этикалық және эстетикалық дамуы (2 кредит-90сағат)

Пәннің мақсаты: Жас тұлғаны қоғамдағы нормативтер мен гармониялық дамуға баулу туралы мағлұматтар береді. Этикалық және эстетикалық нормаларды қалыптастырады.

Тұлғаның этикалық және эстетикалық дамуы пәнінен қысқаша сипаттама. Бұл пән жас тұлғаны қоғамдағы нормативтер мен гармониялық дамуға баулу туралы мағлұматтар береді. Этикалық және эстетикалық нормаларды қалыптастырады. Сұлулық, адамгершілік және басқа басты құндылықтарды дәрістейді.

Күтілетін нәтижелері: Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім – білік қалыптастырады

Пререквизит: жоқ

Постреквизит: Тәрбие жұмысының теориясы және әдістемесі

Оқытушы: Қыпшақбаева С.

8.1 Пән атауы: Геоморфология 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Жер бетінің бедер пішіндерін, оның құрамы мен құрлымын, жаратылысын және ғылымның шығу тегі мен оның таралу заңдылықтарын зерттеу болып табылады. Сонымен қатар оқу процессінде меңгерген теориялық білімдерін геоморфологияның дала практикалық сабақтарында танысу.

Пәннен қысқаша сипаттама. Жер қыртысының құрылысы. Жер рельефінің планетарлық элементтері. Морфоскульптура және морфоструктура. Тау жыныстарының рельеф құрудағы әсері. Рельефтегі қатпарлы бұзылулар. Вулканның рельеф құрудағы ролі. Магматизм түрлері. Материк мегарельефі. Мұхитастылық мегарельеф. Үгілу түрлері. Суффозия және опырынды рельеф. Беткейлік процестер. Жырлар және олармен күресу жолдары. Карстық рельефтер. Гляциалды – нивалды рельеф. Мәңгі тоңдық аймақтар. Шөлейттену процесімен күрес. Теңіз жағалауының рельефтері. Гипсографиялық сызық құрастыру және анализ. Геоморфологиялық зерттеулер әдістері. Интрузивті магматизм және рельеф. Эффузивті магматизм және рельеф түрлері. Рельеф генезисін анықтау. Флювиальді процестердің әсерінен рельефтің қалыптасуы. Қазіргі геоморфологиялық процес-н генетикалық топтастыру. Мұхит түбіндегі экзогендік процестер. Теңіз жағалауындағы рельеф пішіндер. Теңіз террасалары. Абразиялар. Эолдық аккумулятивті пішіндер.

Күтілетін нәтижелері Геоморфология ғылымының Қазақстан Республикасы үшін қаншалықты маңызды екені баршамызға мәлім. Еліміздің ұлан-ғайыр жерінің өзіне тән геоморфологиялық ерекшеліктерінің, оның жерқойнауында алуан түрлі пайдалы қазбалардың молдығы Кеңес өкіметі кезіндеде геоморфология ғылымының Қазақстан аумағында шешімін табуына негіз болды.

Пререквизит: Жалпы жертану

Постреквизит: Топырақ географиясы, Ландшафттану

Оқытушы: г.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

8.2 Пән атауы: Қолданбалы геоморфология 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Курс барысында Таудағы және жазықтағы өзен аңғарларының құрылысына салыстырмалы сипаттама. Эрозияның ландшафт динамикасына әсері Карстық процестер мен рельеф формалары. Мұздықтар түрі және олардың таралуы. Материктік мұздану аймақтарының рельеф формаларына сипаттама.

Пәннен қысқаша сипаттама. Антропогендік процестер мен эндогендік процестердің іс әрекеттерінің дамуын қарастыру. Сонымен бірге қолданбалы геоморфология адам әрекетінен қалыптасатын алуан түрлі антропогендік бедер пішіндері қазіргі экзогендік процестердің дамуына өзгерістер әкеліп, оның тағыттылығы мен қарқындылығына әсер етеді. Рельеф дамуындағы тектоникалық қозғалыстардың ролі. Рельеф түзілудегі тау жыныстардың әсері. Рельеф және климат. Үгілудің рельеф түзудегі ролі. Вулкандық процестер мен шөгінділер. Вулкандық рельеф формалары. Таулардың генетикалық түрлері. Жазықтардың генетикалық түрлері. Морфоструктура және морфоскульптура түрлері. Беткейлік процестер мен шөгу. Өзен аңғарларының генетикалық түрлері. Эрозия және аккумуляция өзен аңғарының құрылысы.

Күтілетін нәтижелері Ол жер қойнауында кездесетін алуан түрлі пайдалы қазбалардың құралу және орналасу заңдылықтарын да анықтайды. Бірақ, жердің ішкі терең қабаттарын зерттеу әдістерінің бүгінгі күн тұрғысынан жеткіліксіздігінен жетілмегендігін ескерсек, әзірше геология жердің ең жоғарғы беткі қабаттарын зерттеумен ғана шектеліп келеді деуге болады.

Пререквизит: Жалпы жертану

Постреквизит: Топырақ географиясы, Ландшафттану

Оқытушы: аға оқытушы Жұматаев А

8.3 Пән атауы: Неотектоника 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Табиғаттың жалпы географиялық заңдылықтарын, жекелеген материктер табиғатындағы басты ерекшеліктер туралы теориялық білім беру. Материктер арасындағы өзара байланыспен оны жүзеге асыру жолдарын анықтау.

Пәннен қысқаша сипаттама. Эндогендік процесстер. Плиталар ұғымы. Тербелістер. Жердің ішкі құрылысы. Ішкі процестердің жер бетінде көрініс беруі. Тектоникалық процестер, оларды зерттеу тарихы, зерттеуші ғалымдар.

Күтілетін нәтижелері Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Жалпы жертану

Постреквизит: Топырақ географиясы, Ландшафттану

Оқытушы: б.ғ.к., доцент Нугманова К.

9.1 Пән атауы: Метеорология және климатология 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Курс барысында жердің ауа қабаты, атмосфераның құрамын, құрылысын, қасиеттерін, онда жүріп жатқан физикалық және химиялық құбылыстарды, олардың жер бетімен әрекеттесуін және де ауа массаларының қозғалысын ғылыми-тәжірибелік тұрғыда анықтау, болжау.

Пәннен қысқаша сипаттама. Қоршаған орта жағдайына климат үлкен әсерін тигізеді. Атмосфералық ауаның түрлі табиғи және антропогендік факторлар әсерінен ластануының экологиялық маңызы зор. Климат - жер беті, жер асты суларына, өсімдік, топыраққа және табиғи-антропогендік ландшафт-тарға күшті әсерін тигізетін маңызды экологиялық фактор. Қоршаған ортаның экологиялық бұзылуының көптеген процестерін климат не күшейтеді, не тежейді.

Күтілетін нәтижелері Ауа массаларының циркуляциясының ерекшелігі. Ол қыста және жазда антициклондық тәртіптің басымдылығынан көрінеді. Бұл тәртіп Қазақстанның үлкен бөлігінде атмосфераның ластануына және ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың ауа алаптарының ластануына оң әсерін тигізеді, атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің барлық жерде аздығы мен оның уақытшалығы атмосфераның өздігінен тазаруына, ластанған топырақтың, өзендер мен су қоймаларының жауын- шашынмен шайылуына кедергі жасайды

Пререквизит: Картография, топография негіздерімен

Постреквизит: Жаратылыстану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Оқытушы: аға оқытушы Жұматаев А

9.2 Пән атауы: Географиялық қабық және табиғат компоненттері 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Курс барысында жер қыртысының қабаттарын оқытып, дүниежүзілік су айналымы процесінің географиялық қабыққа тигізетін әсері туралы мәліметтер беру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Геосистема ұғымы. Географиялық қабық. Атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера. Дүниежүзілік су айналымы процесінің географиялық қабыққа әсері. Табиғат компоненттері, олардың өзара қарым-қатынасы мен байланысы. Әр компоненттің өзіндік ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелері Жер планетасы ғарыш әлемінде белгілі бір орнымен анықталатын, өзіндік физикалық және химиялық қасиеттерінің ерекшеліктер мен сипатталатын, әр уақытта дамып, өзгеріп отыратын күрделі дене. Осы дененің қыртыстарының құрамы мен құрлысын және оның терең қойнауында жүріп жатқан эндогендік процестердің өзіндік ерекшеліктерін зерттей отырып, жердің өткен тарихын қалпына келтіру арқылы, оның заңдылықтарын анықтайды.

Пререквизит: Картография, топография негіздерімен

Постреквизит: Жаратылыстану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Оқытушы: Харжауов Ш.

9.3 Пән атауы: Географияның аэрокосмостық зерттеу әдістері 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Қазақстан аумағындағы қазіргі экологиялық жағдайға аймақтық шөлу, қоршаған ортаның экологиялық бұзылуына себепші және керісінше оны тежеуші табиғи және антропогендік факторларға сараптама беру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Географияның далалық зерттеу әдістері, оның география ғылымының дамуына әсері. Дешифрлау, дешифрлауда әртүрлі құралдарды пайдалану. Аэрокосмостық зерттеу әдістері және оның халық шаруашылығындағы маңызы. Аэрофото әдісі.

Күтілетін нәтижелері Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

Пререквизит: Картография, топография негіздерімен

Постреквизит: Жаратылыстану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Оқытушы: Г.Г.К., аға оқытушы Мырзалиева З.К.

10.1 Пән атауы: Геоэкология және табиғатты қорғау 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Қазақстан аумағындағы қазіргі экологиялық жағдайға аймақтық шөлу, қоршаған ортаның экологиялық бұзылуына себепші және керісінше оны тежеуші табиғи және антропогендік факторларға сараптама беру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Геоморфология ғылымының бір бағыты. Ол экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі (физикалық-географиялық аймақ, провинция, ландшафт) географиялық жүйелердің экологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Екінші бір қырынан геоэкология-бұл экология саласына да жатады. Өйткені, географиялық процестерді қосымша экологиялық заңдылықтарға негіздеп зерттейді.

Күтілетін нәтижелері Геоэкологияның дамуы географиямен бірге экологияның да ғылыми-практикалық жетістіктері мен мүмкіндіктеріне байланысты. Бұл ғылым қоғам мен табиғат байланысы проблемасының жете зерттелуімен тығыз қатынаста. Оның үлесіне адамның тіршілік ортасының экологиялық жағдайының кеңістік-уақыттық астарларын танып-білу, соған тиесілі табиғатты қорғау шараларын жасау.

Пререквизит: Геология, Метеорология және климатология,

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы Харжауов Ш.

10.2 Пән атауы: Қазіргі экзогендік процестер 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Қазақстан аумағындағы қазіргі экологиялық жағдайға аймақтық шөлу, қоршаған ортаның экологиялық бұзылуына себепші және керісінше оны тежеуші табиғи және антропогендік факторларға сараптама беру.

Пәннен қысқаша сипаттама. «Қазіргі экзогендік процестер» пәні рельеф формаларының морфологиялық, генетикалық ерекшеліктерін зерттейді. Рельефтің географиялық ландшафтағы басқа компоненттермен байланысын ашу. Қазіргі эндогендік және экзогендік процестерді түсіну. Табиғи құбылыстарға талдау жасағанда географиялық принциптерден туындайтын сұрақтарға ғылыми көзқарастарды қалыптастыру, оқудағы іс-тәжірибесінде іске асыру. ГИС технология, компьютер-интернетпен жұмыс жүргізе білу керек. «Қазіргі экзогендік процестер» пәні бойынша жоғарғы оқу орнының бағдарламасына сәйкес білім алу үшін студент әдебиеттер, оқу құралдарымен карталардан алған теориялық білімдеріне анализ жасай отырып, төмендегідей пәндерді меңгере білу тиіс.

Күтілетін нәтижелері Экзогендік процестердің негізгі энергия көзі, жоғарыда айтылғандай, Күннің жылу энергиясы және гравитациялық күштері болып саналады. Олар төрт топқа: 1) үгілу; 2) үгілу өнімдерінің жаңа орынға тасымалданып көшуі, яғни орын ауыстыруы; 3) аккумуляция (шоғырланып жиналу); 4) диагенез (шөгінділердің тасқа айналуы болып ажыратылады).

Пререквизит: Геология

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы б.ғ.к., доцент Нугманова К.

10.3 Пән атауы: Қазақстан табиғатын зерттеу тарихы 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Қазақстанның табиғат жағдайының қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін үйретеді. Қазақстан аумағының табиғатының зерттелу тарихы, жекелеген аймақтарының табиғатының физико-географиялық ерекшеліктері, геоэкологиялық проблемалары, қорғауға алынған аймақтары, жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері жайлы физико-географиялық білім береді.

Пәннен қысқаша сипаттама. Табиғаттың заңдылығын білген студент табиғат зоналарының ерекшеліктерін ажыратады, яғни табиғатты жүйе ретінде зерттейді. Бұл деген табиғат элементтерінкомпоненттерін сараптайды деген сөз. Әрбір табиғат зонасы күрделі бір кешен, оған өсімдіктер мен жануарлар дүниес кірсе, сонымен қатар топырақтар структурасы да орын алады. Жалпы алғанда табиғаттың аса ірі компоненттері зоналарды құрайды. Ал зонада болатын болса өз құрамындағы екінші, үшінші сатыдағы табиғат компоненттері болады және сондай болып майда әлемдіктерге бөлініп отырады. Осы кешенді байланыстыру үшін кіші формадан ұлғая отырып жоғары сатыдағы кешенді құрайды

Күтілетін нәтижелері Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы табиғат зонасы деген ұғымның баламасы төмендігідей болмақ: зона –ол ландшафт территориялық табиғат кешені – физикалық географиялық аудан. Осылай түсініктемелер арқылы студент ойы білімі бір жүйеге келеді. Сондықтан сабақты осы бағытта жүргізеді.

Пререквизит: Геология, Метеорология және климатология

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы Мұсақұлова Г.

11.1 пән атауы Топырақ географиясы 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: «Топырақ географиясы» курсының негізгі мақсаты болашақ мұғалімдерді бүгінгі география ғылымына Қазақстанның әртүрлі аймақтарында және жақын, алыс шет елдерде топырақтың таралуы мен түзілуін студенттерге түсіндіріп, химиялық қасиеттерін оқыту,топырақты қоғамның әртүрлі салаларында пайдалану.Топырақ географиясының басқа ғылым салаларымен байланысын ашып көрсету . Қазақстан жазықтарының топырақтары 201 млн. га, ал таулы аудандар топырақтары 34 млн. гектарды алып жатыр.Қаратопырақ үлесіне 27,5 млн га, қызғылт топырақ үлесіне 90,5 млн. га., қоңыр және сұр-қоңыр топырақ үлесіне 119,4 млн.га тиеді.Республика аумағында егін шаруашылы-ғына жарамсыз немесе жарамдылығы төмен топырақ кең дамыған. Мысалы, құмды массивтер 27 млн.га, тұзды топырақтар - сорлар 20 млн.га жерді алып жатыр.

Пәннен қысқаша сипаттама. Топырақ және оның түзілу туралы түсінік. Топырақ түзуші факторлар.Топырақ жамылғысы және генетикалық типтері.Қазақстанның топырақ географиясы. Топырақ экологиясы және оны қорғау.

Күтілетін нәтижелері.Қазақстанның топырақ жамылғысының айырықша экологиялық қасиеті оның кешенділігі, яғни шағын ауданда топырақтың көп түрінің кезектесіп кездесуі, Топырақтардың кешенділігі климаттың құрғақшы-лығына, жер бедерінің біркелкі болмауына, геологиялық құрылысы

мен топырақ қалыптастырушы жыныстардың алақулалығына байланысты. Бұл жағдай өз кезегінде Қазақстан ландшафтарының өсімдік жамылғысы ерекшеліктерін және жерді ауылшаруашылық мақсатты қолдануды анықтайды.

Пререквизит: Геоморфология, геология, Метеорология және климатология

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы: Бишеева Б.

11.2 Пән атауы: Топырақ биологиясы 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Топырақ биологиясының мақсаты студенттерді осы саланың басқа ғылым саласымен байланысы, генетикалық топрақтанудың, топырақ химиясымен, физикасымен сонымен қатар биология ғылымдары-микробиология, биохимия, экологиямен байланыстылығымен таныстыру. Топырақ биологиясының негізгі зерттеу объектілері проблемалары мен әдістерін жетік меңгерту.

Пәнінен қысқаша сипаттамасы: Топырақ биологиясының қазіргі кездегі өндірістік қоршаған ортаны қорғауда және осы системаның тұрақтылығындағы рөлін оқытып үйрету. Топырақ биологиясы ілімінің пайда болуы. Топырақ биологиясының пайда болуы жайлы мағлұматтарды беру. Әр түрлі типті топырақтардың микроорганизмдердің құрамдастығы және олардың геохимиялық қызыметі. Топырақтың альгология, микология, зоология бөлімдерінің пайда болуы, дамуы. Топырақ биологиясының қазіргі кездегі даму дәуірлерінің ерекшеліктері: биохимияландыру, кешенді жана териялық концепциямен әдістерді құрастыру. Топырақ биологиясына экосистемалық кіріспе. Топырақ құрамындағы барлық микроорганизмдердің құрлысы және қызыметін оқып үйрену. Топырақ экосистемасын моделдеу. Топырақ биологиясы және глобалды микробиология проблемалары жайлы ақпараттарды кеңінен оқыту

Күтілетін нәтижелері: Әр түрлі типті топырақтардың микроорганизмдердің құрамдастығы және олардың геохимиялық қызыметі. Топырақтың альгология, микология, зоология бөлімдерінің пайда болуы, дамуын түсіндіру.

Пререквизит: Геоморфология, геология, Метеорология және климатология

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы: б.ғ.к.,аға оқытушы Қазыбаева А.

11.3 Пән атауы: Орта Азияның физикалық геоэкологиясы 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Орталық Азияның геоэкологиялық жағдайына аймақтық шолу, қоршаған ортаның экологиялық бұзылуына себепші табиғи және антропогендік факторларға сипаттама беру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Орталық Азияның географиялық орны. Табиғи жағдайы. Орталық Азияның геоэкологиялық жағдайы. Орта Азиядағы қоршаған ортаға әсер етуші негізгі факторлар. экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі(физикалық-географиялық аймақ, провинция, ландшафт) географиялық жүйелердің экологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Екінші бір қырынан геоэкология-бұл экология саласына да жатады.

Күтілетін нәтижелері Геоэкологияның дамуы географиямен бірге экологияның да ғылыми-практикалық жетістіктері мен мүмкіндіктеріне байланысты. Бұл ғылым қоғам мен табиғат байланысы проблемасының жете зерттелуімен тығыз қатынаста. Оның үлесіне адамның тіршілік ортасының экологиялық жағдайының кеңістік-уақыттық астарларын танып-білу, соған тиесілі табиғатты қорғау шараларын жасау тиеді.

Геоэкологияның табиғатты қорғау және адамды қоршаған ортаның жоғары сапасын сақтауға бағытталған ғылым ретінде практикалық маңызы Бұл пәннің теориялық және қолданбалы негіздерінің зерттелуін қажет етеді.

Пререквизит: Геоморфология, геология, Метеорология және климатология

Постреквизит: Жаратылыстану, Ландшафттану

Оқытушы: Харжауов Ш

12.1. Пән атауы: Ландшафттану 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Табиғат кешені туралы, әр түрлі территориялық өлшемде заңды түрде үйлесім тауып, бір-бірімен күрделі әрекеттесу нәтижесінде тұтасып, географиялық қабықтан фацияға дейін түрліше болатын табиғи құрамдас бөліктерінің жалпы табиғат кешенін құрайтынын оқыту.

Пәннен қысқаша сипаттама. Ландшафт және ландшафт құрылымы туралы түсінік. Ландшафттық жіктеудің деңгейі: табиғи-аумақтық кешендер.

Ландшафттық класстар, типтер және одан төмен бірліктер. Қоныс және фация туралы түсінік. Биіктік белдеулер және ендік зоналылық. Қазақстан ландшафтары және оларды қорғау.

Күтілетін нәтижелері Студенттерге табиғат кешені туралы, әр түрлі территориялық Өлшемде заңды түрде үйлесім тауып, бір-бірімен күрделі әрекеттесу нәтижесінде тұтасып, рангілер немесе географиялық қабықтан фацияға дейін түрліше болатын табиғи құрамдас бөліктерінің жалпы табиғат кешенін құрайтынын оқыту. Оған қоса осы аталған әр табиғи кешен ерекшелігіне байланысты ауа райын божау, карта жасау, табиғат ерекшеліктерін анықтауды үйрету болып табылады.

Пререквизит: Топырақ географиясы

Постреквизит: Жаратылыстану

Оқытушы: Бишеева Б.

12.2. Пән атауы: Басқару және тұрақты дамудың географиялық негіздері 2 кредит /90 сағат/

Пәннің мақсаты: Жаһандану жағдайындағы интеграциялық процестердің географиялық аспектілері. Аймақтың тұрақты дамуы мен оларды басқарудың географиялық ерекшеліктеріне сипаттама.

Пәннен қысқаша сипаттама. Табиғат жағдайлары мен қорлары даму факторы ретінде. Геоэкологиялық ахуал және экосаясат: басқару проблемалары және тәуекелділік факторлары. Геодемография және таралып қоныстану. Әлемдегі және ҚР қазіргі демографиялық ахуал. Геоурбанистика. Әлемдік қалалар дүниежүзілік экономиканы басқару орталықтары ретінде. Мәдени география және әлемдік өркениет. Бүкіләлемдік мәдени мұралар. Геоэкология: теориясы, әдістері, тәжірибелері. Саяси геокикілжіңдер білім аясы ретінде. Жікшілдіктің географиялық типтері: мемлекетті орталықтандыру және аз ұлттардың өзін-өзі билеуі. Қоғамның өндіргіш күштерін аумақтық ұйымдастыру. Аудандық жоспарлау және табиғатты пайдалану экономикасы. Экономиканың 1-ші, 2-ші, 3-ші және 4-ші қатарлы секторлары. Геоэкономика және геобәсекелестік. Әлемдік шаруашылық жүйесіндегі ҚР мен әлем елдерінің бәсекелестікке қабілеттілігі. Экономиканың инновациялық салалары (кластер, логистика, т.б.)

Күтілетін нәтижелері: Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

Пререквизит: Топырақ географиясы

Постреквизит: Жаратылыстану

Оқытушы: Г.Ғ.К., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

12.3. Пән атауы: Физика және астрономия негіздері 2 кредит / 90 сағат /

Пәннің мақсаты: Әлемдік жаратылыстың ерекшеліктері және олардың пайда болу заңдылықтарын түсіндіру.

Пәннен қысқаша сипаттама. Жер физикасы: Жердің ішкі құрылысының моделі; геофизикалық өріс; сейсмология элементтері; Жер ядросы; геодинамика негіздері; геофизикалық талдау әдістері; инерция күші; Кориолис заңы және оның Жердегі ролі. Атмосфера физикасы: атмосферадағы физикалық процестер; атмосферадағы динамикалық процестер. Теңіз физикасы: мұхиттардағы ағыстар; толқындар; толысу және қайту.

Физикалық астрономия негіздері: уақыт санау жүйесі; Күн жүйесі, құрылысы, ғаламшарлардың көзге көрінетін қозғалыстары; Кеплер заңдары; ғаламшарлар орбитасының элементтері; орбиталық және айналмалы қозғалыстардың ерекшеліктері; Ай, оның қозғалыстары мен фазалары; Күн және Ай тұтылулары.

Күтілетін нәтижелері Табиғатқа географиялық көзқарас, бастаулар және қазіргі жағдайы Географияның негізгі құрылымдық деңгейлері және оның бөлімдерінің сипаттамасы. Географияның басқа ғылымдармен байланысы.

Пререквизит: Топырақ географиясы

Постреквизит: Жаратылыстану

Оқытушы: Абдуллаев Ж

13.1 Пән атауы: Жаратылыстану 3 кредит /135 сағат /

Пәннің мақсаты: Студенттерді қазіргі жаратылыстану негіздерімен таныстыру, орта мектеп мұғалімін дайындау жүйесіндегі оның ролі туралы көзқарас қалыптастыру, студенттерге қазіргі әлемнің ғылыми негіздердің игерулеріне қол ұшын беру, студенттерінің тұтас дүниетанымын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Жаратылыстану» ұғымы. Жаратылыстану дамуының кезеңдері. Жаратылыстанудың дамуына қосқан Араб әлемінің үлесі, Орта ғасырлық Еуропадағы жаратылыстану, Жаратылыстанудағы революциялар. Жаратылыс революциясы және XX ғасырдағы ғылыми-техникалық революция. Өлі табиғат туралы ғылымдар, Тірі табиғат туралы ғылымдар, эволюция теориясы, жер туралы ғылымдар. Жаратылыс ғылымдары және экология.

Күтілетін нәтижелері: Тірі және өлі табиғат туралы жаратылыс ғылымдарын, Органикалық және органикалық емес әлем эволюциялары, Қазіргі жаратылыстануда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру. Жаратылыстану саласындағы өз дүниетанымдық позициясын негіздеуге дағдылану.

Пререквизит: Ландшафттану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Постреквизит: Қазақстан физикалық географиясы, Қазіргі дүние географиясы

Оқытушы: Жұматаев А.

13.2 Пән атауы: Әлеуметтік экономикалық, және саяси географияға кіріспе 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: «Әлеуметтік – экономикалық және саяси географияға кіріспе» курсының негізгі мақсаты болашақ мұғалімдерді бүгінгі география ғылымына теориялық-әдіснамалық білімдерінің негіздерімен қаруландыру болып табылады. Сондай-ақ, қоғамдық экономикалық жағдайларының динамикалық өзгеру жағдайындағы оқушының жеке басын қалыптастыруды тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыра білу икемдігін қалыптастыру болып табылады.

Пәннен қысқаша сипаттама. Саяси географияның негізгі зерттеу нысандары мен категориялары. Геосаясат және аймақтық саясат. Халықаралық экономикалық және саяси ұйымдар мен одақтар туралы негізгі мәліметтер. Дүние жүзі халқының динамикасы мен қоныстануы. Еңбек ресурстары. Демографиялық жағдай мен этнография: түсініктер, көрсеткіштер, әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалы. Мәдениеттер мен өркениеттер географиясы. Дүниежүзілік шаруашылықтың табиғи ресурстары. Табиғат жағдайлары даму факторы ретінде. Табиғи мұра географиясы.

Күтілетін нәтижелері Студент саяси география пәнін терең оқып білу арқылы саясат теориясын игереді. Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пререквизит: Ландшафттану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Постреквизит: Қазақстан физикалық географиясы, Қазіргі дүние географиясы

Оқытушы: Харжауов Ш.

13.3 Пән атауы: Қазақстандағы географиялық білім беру 3 кредит / 135 сағат/

Пәннің мақсаты: Қазақстанның табиғат жағдайының қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін үйрету. Қазақстан аумағының табиғатының зерттелу тарихы, жекелеген аймақтарының табиғатының физико-географиялық ерекшеліктері, геоэкологиялық проблемалары, қорғауға алынған аймақтары, жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері жайлы білім береді.

Пәннен қысқаша сипаттама. Кіріспе. Қазақстандағы білімнің дамуы. Қазақстандағы география-ны оқытудың психологиялық негіздері. Қазақстандағы географияны оқытудың педагогикалық негіздері. Қазақстандағы география білімін жетілдіру концепциясы. Қазақстандағы география-ның қазіргі жағдайы мен болашағы. География сабағындағы өзіндік жұмыстарын жетілдіру жолдары. География сабағындағы практикалық жұмыстарын жетілдіру жолдары. Қазақстандағы 12 жылдық білімнің жағдайы. Қазақстандағы білім беру стандарты туралы түсінік. Қазақстандағы негеографиялық білімнің дамуына үлес қосқан ғалымдар. «Қазақстанның табиғатына, жеке тақырыптарына жалпы сипаттама.

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен

дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Ландшафттану, Геоэкология және табиғатты қорғау

Постреквизит: Қазақстан физикалық географиясы, Қазіргі дүние географиясы

Оқытушы: г.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.Қ.

14.1 Пән атауы: ТМД-ның физикалық географиясы 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: “ТМД елдерінің физикалық географиясы” курсының оқытудың басты мақсат-мүддесі табиғат жағдайлары мен ресурстары, олардың өзара байланыстары мен аумақтық айырмашылықтары, сол сияқты бұл елдер аумағының қалыптасуының заңдылықтары мен олардың аймақтық ерекшеліктері жайлы студенттерге де жүйелі білім беру болып табылады. Курстың мазмұны Достастыққа кіретін елдер шаруашылығының табиғи негізі жайлы тыңдаушыларға толық мағлұмат бері тиіс. Оқу курсының тағы бір маңызды мақсаты студенттерді физикалық географияның бүгінгі таңдағы ең көкейкесті проблемасын табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынасы проблемасын зерттеу бағыттарымен таныстыру болып табылады.

Пәннен қысқаша сипаттама. Табиғаттағы физикалық-географиялық құбылыстарды зерттейтіндіктен қоршаған ортаның даму динамикасын, табиғи тепе-теңдігін сақтай білуді және зерттеудің өзекті мәселелерін қарастыру; достастыққа кіретін елдер шаруашылығының табиғи негізі жайлы тыңдаушыларға толық мағлұмат бере отырып, студенттерді физикалық географияның бүгінгі таңдағы ең көкейкесті проблемасын табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынасы проблемасын зерттеу бағыттарымен таныстыру; сол сияқты ТМД елдерінің жалпы географиялық жағдайын толық ашып, ондағы табиғат жағдайлары мен ресурстарының күрделілігін және қоршап жатқан теңіздерді, аймақтық жер бедері мен геологиялық құрылысын, климаты мен ішкі суларын, топырақ- өсімдік жамылғысын, жануарлар дүниесін зерттеп, қазіргі таңдағы табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен оларды қорғау жолдарын анықтау;

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп достастық елдерінің табиғаты, табиғат жағдайлары мен ресурстары, олардың өзара байланыстары мен аумақтық айырмашылықтары, сол сияқты бұл елдер аумағының қалыптасуының заңдылықтарын қарастыру.

Пререквизит: Геоморфология

Постреквизит: Қазақстанның физикалық географиясы, ТМД-ның әлеуметтік-экономикалық географиясы

Оқытушы: Харжауов Ш.

14.2 Пән атауы: Тарихи география 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Тарих ғылымы адам баласының өмірінде маңызды орын алады. Қазақ халқы тәуелсіздікке қол жеткізіп, халықтың рухани өмірінде сан алуан көптеген жаңалықтар пайда болып, оның ұлттық сезімі оянып бүгінгі таңда тарихи тәжірибені зерттеу, оны оқу өз халқы, Отан үшін аянбай еңбек ететін, отансүйгіш азаматтарды тәрбиелеудің ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Пәннен қысқаша сипаттама. Әлем астаналары, тарихи-мәдени орталықтарына сипаттама. Дүниежүзілік туристік ұйымның тізіміне енген әлемдік туристік орталықтар. Студенттерге табиғи және антропогендік геожүйе шекарасындағы қоршаған ортаның, кеңістіктегі экологияның фонын зерттеп білу арқылы ондағы қолайлы экологиялық жағдайды сақтау немесе қайта қалпына келтіру жөніндегі нұсқау түріндегі ұсыныстар даярлау. Геоэкология үшін ең негізгілері: геожүйелердің тұрақтылығын және жоғарғы өнімділігін сақтау, табиғи антропогендік ландшафттар шегіндегі қоршаған ортаның экологиялық жағдайының нашарлап бұзылу құбылыстарын болдырмау.

Күтілетін нәтижелері Тарихи, ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқару барысында геологиялық байқаулар жүргізе білудің маңызы өте зор. Тау жыныстарының құрамын анықтау, оларды құраушы минералдардың өзара бір-бірімен қарым-қатынасы, сонымен қатар олардың жатыс пішіндері және олардың құрамында кездесетін әр түрлі органикалық қалдықтарын (фауна мен флора) түрлерін анықтау, соған қоса эксперимент жүзінде зерттеу жұмыстарының нәтижесін пайдалану жер қыртысының геологиялық дамуымен құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Пререквизит: Геоморфология

Постреквизит: Қазақстанның физикалық географиясы, ТМД-ның әлеуметтік-экономикалық географиясы

Оқытушы: Мамбетов Б

14.3 Пән атауы: Әлемдік мұхиттың экологиялық мәселелері 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Бентос, планктон, нектон қабаттарына сипаттама және жалпы түсінік беру. Шельфті аймақ ұғымына қысқаша мәлімет беру. Теңіз шөгінділерінің түрлерін анықтап түсіндіру. Литоралдық шөгінділер, сублиторалдық шөгінділер, хемогендік шөгінділер, батилалдық шөгінділерінің айырмашылықтары.

Пәннен қысқаша сипаттама. Мұхиттардың физикалық-географиялық орны, табиғатының қалыптасу ерекшелігі, зерттелу тарихы, шұңғымалардың құрылымы, климаты және сулары, органикалық дүниесі, экологиялық мәселелері физикалық-географиялық аудандастырылуы және аралдары туралы кеңінен түсінік. Әлемдік мұхитты зерттеудің қысқаша тарихы және онымен айналысқан ғалымдар туралы. Әлемдік мұхитты игеру және зерттеу, табиғаттың ерекшеліктері. Әлемдік мұхиттың геологиялық құрлысы. Әлемдік мұхит табанының жер бедері. Әлемдік мұхит суының қозғалысы, мұхиттық ағыстар. Әлемдік мұхиттағы термикалық режим және мұз қату. Әлемдік мұхиттағы тіршілік. Әлемдік мұхит теңіздерінің су құрамы. Солтүстік Мұзды мұхиттың географиялық жағдайы мен экологиялық мәселелері. Үнді мұхитының географиялық жағдайы мен экологиялық мәселелері. Тынық мұхитының географиялық жағдайы мен экологиялық мәселелері. Атлант мұхитының географиялық жағдайы мен экологиялық мәселелері. Оңтүстік мұхиттың географиялық жағдайы мен экологиялық мәселелері. Әлемдік мұхит экожүйесіндегі органикалық дүниелер. Әлемдік мұхиттың энергетикалық ресурстары және оларды игеру проблемалары. Әлемдік балық шаруашылығының дамуы мен экономикалық маңызы. Әлемдік теңіз флоты және оның даму мен болашағы.

Күтілетін нәтижелері Әлемдік мұхиттарға климат үлкен әсерін тигізеді. Атмо-сфералық ауаның түрлі табиғи және антропогендік факторлар әсерінен ластануының экологиялық маңызы зор. Климат - жер беті, жер асты суларына, өсімдік, топыраққа және табиғи-антропогендік ландшафттарға күшті әсерін тигізетін маңызды экологиялық фактор.

Пререквизит: Геоморфология

Постреквизит: Қазақстанның физикалық географиясы, ТМД-ның әлеуметтік-экономикалық географиясы

Оқытушы: Харжауов Ш.

15.1 Пән атауы: ТМД-ның әлеуметтік-экономикалық географиясы 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: ТМД халықтарының демографиялық мәселелері және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану жолдарын; ТМД құрамындағы мемлекеттер мен аймақтардағы басты және қосымша нарықтық шаруашылық салаларын ғылыми негізде талдауды, ондағы өзгерістерге баға бере алатын жан-жақты маман болып шығады.

Табиғат жағдайы мен байлығын лайықты пайдалану мен қайта өңдеуді ұйымдастырудағы ролін; Шаруашылығының даму деңгейі мен экономикалық жеке аймақтары, өндірісті ұйымдастыру формасын оқыту.

Пәннен қысқаша сипаттама. ТМД-ның әлеуметтік экономикалық географиясы курсы студенттерді кәсіби дайындауда маңызды орын алады. МД елдерінің өндіргіш күштерінің орналасуының және экономикалық аудандарын бөлудің ерекшеліктері, өзге саланың орналасуы және өндірісті территориялық негіздерін және экономикалық талдау әдістерін үйрету. Экономикалық және әлеуметтік талдау жасау арқылы болжам жасай білу. ТМД-ның әлеуметтік экономикалық географиясы курсының міндеттері белгілі бір территорияны экономикалық аудандарға бөлудегі негізгі принциптер, территорияның өндіріс күштерін қарастыру және оны талдау, әрбір жеке ауданның мамандануына әсер ететін факторлар және оларды талдау, әрбір ауданға экономикалық сипаттама бере білу табиғат жағдайлары және ресурстары өндіргіш күштерді орындауы және талдауы халық шаруашылығының салалары және сала аралық күштерді талдай білу.

Күтілетін нәтижелері Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: ТМД-ның физикалық географиясы

Постреквизит:Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік, саяси географиясы, Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік, саяси географиясы

Оқытушы: Харжауов Ш.

15.2. Пән атауы: Дүние жүзінің туризм географиясы 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Курсты оқу барысында студенттер теориялық білімдер алады және туристік саяхаттар мен жорықтарда қажет болатын практикалық шеберлікке ие болады.

Пәннен қысқаша сипаттама. Дүние жүзі туризмінің даму тарихы. Дүние жүзі туризм географиясында қолданылатын терминдер және негізгі түсініктер. Халықаралық туризмнің әлемдік рынокта алатын орны. Ішкі туризмнің даму бағыттары. Активті және пассивті туризм. Туризм географиясының зерттеу әдістері. Табиғаттың туристік географиялық ресурстары. Туризм географиясының басқа ғылымдармен байланысы. Әлемдік туризмді дамытудағы бағдарламалар. Оңтүстік Еуропа: Оңтүстік Еуропа туризмнің даму аймақтары. Оңтүстік Шығыс Азия елдері. Халықаралық туризмнің даму аймақтары. Шығыс – Жерорта теңіз аймағы. Әлемдік тарихи және мәдени мұралар объектілерін анықтау. Дүние жүзілік табиғи рекреациялық ресурстар. Әлемдік халықаралық туристік агенттіктер. Әлемдік туризмді дамытуға арналған іс шаралар дүние жүзіндегі сыртқы туризмнің даму жағдайы. Әлемдік туристік аймақтардың географиялық даму ерекшеліктері. Батыс Еуропа елдеріндегі туризмнің даму орталықтары. Солтүстік Еуропа елдеріндегі туризмнің даму барысы. Орталық және Шығыс Азия туризмнің даму бағыттары.

Күтілетін нәтижелері Әлемдегі туризмнің экономикалық маңызы, Рекреациялық аудандар схемасын жасау. Туристік рекреациялық ресурстар туризмді дамытудағы жаңа жоспарлар. Орталық және Оңтүстік Америка туристік аймағы. Әлемдік туризмнің экономикалық ролі мен маңызы үйрету.

Пререквизит: ТМД-ның физикалық географиясы

Постреквизит:Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік, саяси географиясы, Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік, саяси географиясы

Оқытушы: Бишеева Б.

15.3. Пән атауы: Рекреациялық география 3 кредит / 135 сағат /

Пәннің мақсаты: Жоғарғы оқу орнында, туризм саласында, өзінің қызметі үшін қажетті квалификация алуды мақсат еткен студенттер туризмді басқару, ұйымдастыру, оның құрылымын жетік білу, оның тарихын, дайындық кезеңін, саяхаттарды ұйымдастырып өткізуді оқып үйрену, туған өлкенің флорасы мен фаунасы туралы қажетті білімді азаматтар болу өте қажет. Бұл жағдайда туризмнің активті, белсенді түрлерін оқытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Пәннен қысқаша сипаттама. Дүниежүзілік рекреациялық туризмнің даму тарихы мен оны географиялық тұрғыдан оқу. Халықаралық туризмнің геоэкономикасы, әлемнің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы. Пән негізінен мемлекетіміздің рекреациялық шаруашылығының даму деңгейі, олардың алғы шарттары, қоршаған ортаны қорғаудың жолдары шаруашылықтың экономикалық-экологиялық тұрғыдан тиімділігі қарастырылады. Рекреациялық география пәні еліміздің демалу аймақтарындағы жалпы және жекелеген проблемаларын қарастырады.

